

Қ.М.Беркімбаев, Г.А.Сапарбекова, Г.Ж.Ниязова

Қ.А.Йассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістан
(E-mail: ngulzhan@bk.ru)

Математикалық білім беруді гуманитарландыру мақсаттары

Ізгілендіру, гуманитарландыру бағытында жоғары білім беру мазмұнын толық реформалау Қазақстанда жоғары білім беруді дамытудың стратегиялық басым бағыттардың бірі болып табылады. Кез келген саладағы болашақ мамандардың гуманитарлық даярлығын күшейтудің өзектілігі заманауи әлемдегі білім беру тұжырымдамасының тарихи дамуымен анықталады. Мақалада «гуманитарлық» терминінің ғылымға енуінің қысқаша тарихы туралы баяндалған. Ғалымдардың «гуманитарлық», «білім беруді гуманитарландыру» туралы ой-пікірлері келтірілген. Математиканың гуманитарлық әлеуетінің бағыттары мазмұндалған. Оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар талданған. «Гуманитарлық тәсіл» ұғымының мазмұны сипатталған. Математикалық білім беруді гуманитарландыру технологиясына негіз болатын мақсаттар туралы айтылған.

Кілт сөздер: білімді ізгілендіру, білімді гуманитаризациялау, жоғарғы білімді реформалау, математикалық білімді гуманитаризациялау, жаңа технологиялар, математикалық білім беру, болашақ оқытушы, маман.

Білім мазмұнын жаңарту жоғары мектеп реформасының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Республикамыздың жоғары оқу орындары үшін мемлекеттік білім стандартының концепциясын жасауда ол республиканың біртұтас білім кеңістігінің моделін айқын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарының міндетін, қажетті білім деңгейінің кепілдігін дүниежүзілік мәдени ағарту кеңістігіне интеграциялануды қамтамасыз ету секілді маңызды проблемаларды шешу.

Кәсіби білімді дамытудың алғашқы негіздері: жаңа білім философиясы; қоғам және адам туралы ғылымдар (білім психологиясы, әлеуметтану және тағы басқалар); тәжірибе теориясы (педагогика білімі менеджменті және жобалау.)

Білім философиясы қазіргі қоғамдағы адамның орны, тұрмысының мәні туралы, адамзат проблемасын шешудегі білімнің әрекеттік ролі мен жаңа көзқарастар қалыптастыру керек.

«Қоғам және адам туралы» ғылымдар адамзат дамуының және мінез-құлқының заңдылықтары туралы жаңаша ғылыми түсініктер, сонымен бірге адам мен қоғамның ішкі білім беру жүйесінің және жалпы білім беру жүйесінің моделі туралы білу үшін керек.

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын *жеке тұлғаның* жалпы даму деңгейіне байланысты. Ал, ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның кәсіби тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр.

Бәсекеге қабілетті мамандарға қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғамның кәсіби маманы, тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, адамгершілікті, ізгілікті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс.

Дүниежүзілік тарих көрсетіп отырғандай, әр алуан қоғамдар бастарынан өткерген экономикалық, саяси, сонымен қатар әлеуметтік шайқалыс кезеңдері, мәдениетке ал нәтижесінде білім беру саласына да кері ісерін тигізеді. Керісінше, зиялылық (білімділік) адамдардың мәдени, өнегелі, рухани өрлеуі қоғам тиянақтылығының бірден-бір аманаты, сонымен қатар дағдарыс жағдайынан шығу жолы болып табылады.

Алғаш рет «гуманитарлық» сөзі «гуманитарлық ғылымдар» сөз тіркесінде пайда болып, латын тілінде Цицерон пайдаланған. Кейінірек «гуманитарландыру» термині бірнеше «білім беру», «білімділік», «ағарту» мағыналарда адамның интеллектуалдық жетістіктерін айқындайтын ұғым ретінде қолданыла бастады. Н.А.Хомутцовтың пікірінше, «гуманитарлық» термині алғашында Еуропада адамның білімділігі, оны үлгі, ұқсастық бойынша жоғары идеал ретінде қалыптастыру бағытында қолданыла бастаған [1].

А.С.Кравецтің еңбектерінде «гуманитарлық» сөзі адамның руханилығы көрініс табатын ғылымдар кешенімен, яғни, филология, этика, философия, тарих, мәдениеттану, эстетика және т.б. айқындалады деп көрсетіледі.

Т.М.Елканова мен Н.М.Чеджемова білім беруді гуманитарландыруды нақтылыққа мотивациялық және бағалық аспектілерге басты назар аудара отырып, толыққанды тұлғалық қарым-қатынасты қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін бағытталған педагогикалық үдеріс ретінде анықтап, білім беру мазмұнының жалпымәдени компоненттерін дамытуды басымдыққа алатын шаралар жүйесін түсіндіреді. Әрі бұл жағдайда маманның меңгерген кәсіби білімдерін өзектілендіру бейтарап емес, айқын көрініс тапқан адамгершілік-құндылық, моральдық критерийлермен сәйкес іске асырылады [2].

Білім берудің, зерттеушілік пен мәдени орталық ретінде жоғары оқу орындары өмірді ғана емес, білім беру жүйесін ізгілендірудің ерекше ортасы болып табылады.

Жоғары оқу орнын бітірушілердің кәсіби құзырлықты ғана емес қоғамдық, азаматтық іс-әрекеттердегі адами сапаларды да өз бойларында қалыптастырулары тиіс. Қазіргі кездегі «адам-қоғам» қарым-қатынасында тұлғаның коммуникативтік, адамгершіліктік-психологиялық, рухани-дүниетанымдық дамуы да өткір мәселелердің бірі. Аталған сапаларды болашақ мамандарда қалыптастыруды гуманитарлық бағытта даярлау элементтерінсіз іске асыру мүмкін емес.

Жоғары білім беру жүйесіне қатысты «білім беруді ізгілендіру», «білім беруді гуманитарландыру» ұғымдары жоғары білім беру жүйесін реформалаудың түрлі бағыттарын айқындайды. Білім беруді ізгілендіру кең мағынада қоғамда ізгілікті идеалдарға (тұлғалық бостандыққа, әлеуметтік ақиқаттылыққа және т.б.) сәйкес ізгілікті білім беру жүйесін құруды білдірсе, білім беруді гуманитарландыру түсінігі оқу-әдістемелік мазмұнға, жоғары оқу орнында білім беру орталарына байланыстырылады.

Математиканың гуманитарлық әлеуеті келесі бағыттарда ашылады:

1. Математика нақты үрдістердің математикалық модельдерін қарастырады. Бұл математика тілін ұғынатын адамға құбылыстардың мәнін терең түсінуге ықпал етіп, қоршаған нақтылыққа дұрыс бағдарлануға жол ашады.

2. Математика «ақылды ретке келтіреді». Математиканың адамның ойлауы мен жеке тұлғалық сипаттарын қалыптастырудағы маңыздылығы белгілі.

3. Математикалық дәлелдеуді, математикалық тұжырымды қалыптастырушы адам нақты анықталған заңдар арқылы құрылатын пәндік сөйлеуді сүйенеді (қысқалық, нақтылық, минимизация және т.б.). Пәндік сөйлеу әдеби сөйлеуге де ықпал етеді.

4. Математиканы оқып үйрене отырып, адам өзінің дамуын сезінеді.

Қазіргі кезде оқыту мазмұнына келесі талаптар қойылады: *оқытудың ғылымилығы*, оқытудың қазіргі заманғы ғылым дамуының алдыңғы сапына сәйкес болуы; *жүйелілік*, оқыту мазмұнына сәйкес, педагогикалық негізделген жүйеде барлық оқу мәліметтерінің өзара байланысын бейнелеуді қамтамасыз етеді; *ғылыми ақпаратты оқыту мазмұнына дидактикалық тасымалдау*. Бұл талап мамандарға білім аймағына сәйкес оқыту мазмұнына негізгі, басты идеяларды, әдістерді және принциптерді үстемелеуге себеп болады. Оқыту мазмұнында ғылыми ахуалды шектен тыс детальдау (детализация) қазіргі заманғы жоғары мектептің оқыту теориясы бойынша артық деп саналады; *оқыту мазмұнын маманның дайындалатын саласына бағдарлау*, яғни, кәсіби білімнің сапасы мен толықтығына зиян келтірмей, оқыту мазмұнында артық мәліметтерді болдырмау; *оқыту мазмұнының прогностикалық функцияларға сәйкес болуы*, жоғары оқу орнында мамандарды даярлау бағдарламасы білім алу аймағына сәйкес ғылымның даму бағыты туралы мәліметтермен мазмұндалуы тиістігін белгілейді.

Мазмұнды қалыптастырудың мамандыққа бағыттылығы кәсіби пән бойынша педагогикалық қызметте талап етілетін білім мен біліктіліктердің шеңберін анықтайды; *пәнаралық байланыс принципі*, оқыту үдерісінде білімді біріктіру, интеллектуалдық байыту есебінен білім жүйесін тұтас қабылдауға қабілетті педагогикалық ойлау типін қалыптастыру; *адамгершілік принципі*, оқыту үдерісінде студенттің ішкі әлеміне көңіл аударуды белгілейді: табысқа қызығушылығы, эмоционалдық тартымдылық, таным үдерісіне қанағаттану және т.с.с.; *креативтілік принципі*, нәтижесінде студентке ойлау әрекетінің нұсқасын және мәселені шешу тәсілін өздігінен таңдауға, мәселені дұрыс шешудің меншікті негізделген әдісін анықтауға мүмкіндік беретін мазмұнның вариативтілігін ұйғару.

Математикалық білімді бакалаврдың кәсіби даярлығының іргелі құраушысы ретінде қарастыру қажет. Себебі, математика қолданбалы мәселелерді шешудің қуатты ортасы әрі әмбебап тілі ғана емес, жалпы мәдениеттің элементі болып табылады.

Осыған орай жоғары білім беру жүйесіне қатысты «гуманитарлық тәсіл» ұғымын түрлі деңгейлерде қарастырайық:

- мазмұндық деңгейде — «гуманитарлық ғылым», «гуманитарлық білім», «гуманитарлық білім беру», «гуманитарлық пәндер»;
- процессуалдық деңгейде «білім беруді гуманитарландыру», «жоғары кәсіби білім беруді гуманитарландыру», «жоғары оқу орнының білім беру ортасын гуманитарландыру»;
- орталар деңгейінде — «білім беру үрдісінде қолданылатын гуманитарлық орталар», «жоғары оқу орны білім беру практикасындағы гуманитарлық технологиялар»;
- білім беру нәтижелері деңгейінде — «гуманитарлық ойлау», «гуманитарлық мәдениет»;
- шарттар деңгейінде — «гуманитарлық білім беру ортасы».

Осы ұғымдар жоғары оқу орындарында гуманитарлық тәсілді қолданудың теориялық негіздері мен технологияларды іріктеу мәселесін шешуге арналған [3].

Білім беруді гуманитарландыру — білім беру мазмұнындағы жалпымәдени компоненттердің басым дамуына, білім алушылардың тұлғалық толысуын қалыптастыруға бағытталған шаралар жүйесі. Ол жоғары білім беруді кәсіби қызмет аумағында, тұлғааралық қарым-қатынаста, өмірлік іс-әрекеттерде, дағдарысты жағдайлардан шығуда, тұлғалық тұтастықты сақтауда құзырлы адам қалыптастыруға бағыттайды. Сонымен қатар жаратылыстану бағытындағы пәндердің мазмұндық аспектілерін өзгертуге емес, мұнда гуманитарлық компоненттерді енгізу жолдарын қарастырады. Тұлғаға табиғи нақтылықты тануға, өзінің қоршаған әлемдегі орнын санасымен ұғынуға ықпал етеді (В.М.Симонов, 2000).

Рухани құндылықтары мен жан дүниесі ғылыми-техникалық тиімділік негізінде білім алған адам, жаңа технологияларды жасағанда немесе жаналық ашқан кезде, өз жетістігінің «сырт» жағын ескере бермейді.

Білім, жасампаздық пен адамдардың ақ ниеті жоқ жерде, бейбітшілік адам құқықтарын құрмет тұту мен негізгі еркіндіктеріне бағытталған қандай да бір тиянақты ілгері дамудың жүзеге аспайтыны анық болады. Осы қасиеттерді, ең басты болып, білімділік дамытады. Яғни, жоғарғы білімді дамыту стратегиясы қажет [4].

Білім алу мен ғылым дамуы Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Олардың дамуына, экономикалық, техникалық ілгері даму мен саяси дамудың екпінділігі, қоғамдағы мәдениет пен рухани жағдай, орасан зор мөлшерде тәуелді болады.

Стратегияның мақсаты, ғылым, мәдениет пен, дүниежүзілік тарих, түрк халықтарының тарихы, Орталық Азия мемлекеттерінің көшпелі өркениеттер мән мәтініндегі білім беру процестерінің дүниетанымдық синтезіне негізделген білім алу мен жаңа ұрпақ тәрбиелеудің жоғары сапасын қамтамасыз ете алатын жоғарғы білім берудің жаңа, ашып айтқанда, алғашқы ұлттық моделін құрастыру болып табылады.

Біздің заманымызда өнеркәсіптің дамуымен қатар технологиялар көптеген дүниетанымдық қағидаларды өзгерте бастады.

Сондықтан, адам санатына ендіру, яғни адамгершілігі мол, сондай-ақ біліктілігі жоғары, дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын, жасампаздыққа бейім, дүниетанымдық мәдениеті дамыған, тарихи санасы қалыптасқан, мамандарды даярлау Қазақстандағы жоғарғы білімді дамытудың стратегиялық нысаны болып табылады. Сондықтан да «гуманитарландыру» мен «ізгілендіру» ұғымдарын білім беру саласына енгізіліп отырғаны кездейсоқ жағдай емес.

Білім беру саласын гуманитарландыру мен ізгілендіру мәселесін тек оқытушы мен әдіскерлер ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдар салаларындағы мамандар да зерттеген. Білім беруді гуманитарландыру мен ізгілендіру мәселесіне бағышталған М.М. Бахтин, М.Н. Берулава, Г.Ю. Буракова, Л. Вербицкая, З. Гельман, Б.С. Гершунский, Г.В. Дорофеев, В.П. Зинченко, Л.Я. Зорина, С.Э. Зуев, Т.А. Иванова, А.А. Касьян, Б.В. Кондаков, А.С. Кравец, В.В. Краевский, Э.А. Красновский, Т.В. Кузнецова, В.И. Купцов, В.С. Леднев, И.Я. Лернер, В.В. Мадер, Т.Н. Миракова, Э. Мирский, Ф.Т. Михайлов, А.Г. Мордкович, А.Х. Назиев, А.М. Новиков, И.М. Орешников, Ю.Н. Павловский, Т.С. Полякова, В.А. Разумный, Г.И. Саранцев,

Ю.В. Сенько, В.А. Смирнов, И.М. Смирнова, Л.В. Тодоров, В.М. Шепель және басқа да зиялылардың жұмыстарының талдауы келесі анықтамаларды негіз ретінде қарастыруға мүмкіндік берді: білім беруді ізгілендіру — жоғары білім беру орындарының білім беруі студенттер мүдделері мен мәселелеріне басты мән беруді тұспалдайтын, жоғары білім дамуының басты қағидаты, ізгілендіруге қатысты ізгілендірудің мақсатына жету шарты мен құралы болып, заманауи дүниеде табысты жұмыс атқара алатын, жаңа жағдайларға тез бейімделе алатын, жұмыс орны мен тұрмыста туындаған мәселелерді іс жүзінде шешіп, үнемі өзінің мамандық деңгейін асыруға ұмтылатын, яғни функционалды сауатты және білікті тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді.

Білім беру саласын гуманитарландыруды ізгілендіру процесінің, студенттерді гуманитарлық мәдениетке баулуға бағытталған, құрамды бөлігі ретінде қарастырып, мұндағы гуманитарлық мәдениетті біртұтас әлеуметтік феномен тұрғысынан зерттеген авторлардың ойлары бір жерден шығады. Осындай білім беру терең де әсерлі білім, ой операциялары, жасампаздық қайраткерліктегі тәжірибе бағытталған [5].

Қандай да бір пәнді оқыту процесінде, білім беруді гуманитарландыру жағдайында, өзіндік ерекшеліктерді, ой-өрістің даму деңгейін зерттеу, қызығушылығы мен білім алу табыстылығына әсерін тигізетін басқа да факторларды есепке алатын, студенттерде жасампаздық тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу ойы жүзеге асырылады. Яғни, жер жүзінде болып жатқан өзгерістер мен әр алуан елдер мен аймақтардың білім беру жүйелерінің жағдайын терең зерттеу негізінде, адамзаттың мәдениет пен ой қорына студентер қауымын белсенді тарту.

Білімге, педагогикалық білімнің сапалы жаңаруы, тұлғаға көңіл бөлуді асыру, оның сана-сезімі мен мамандық потенциалын дамыту алдын ала қарастыратын, жаңа рухани-өнегелік пен қоғамды-экономикалық талаптар қойылады.

Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қайраткерліктің әсерлілігі мен жетістіктілігі оқытудың принциптері мен мақсаттарын тұжырымдауға, оқытудың мін-мағынасын қалыпқа келтіру мен іріктеу, лекция, практика мен семинарлық сабақтарды ұйымдастыру қалпы, оқыту әдістері, оларды жүзеге асыру жолдарын таңдауға мен мол мөлшерде тәуелді.


Біздің ойымыз бойынша, эмоционалды-құндылықтық саласында технологияның жүзеге асырылуының нәтижесінде студент, мәдениеттің әр алуан жүйелеріне қатысты, белгілі білімді иелене отырып, осы жүйелер санаттары арасында еркін түрде бет түзей алады, жеке өзіндік пікірі қалыптасады да өз мүмкіндіктеріне объективті баға беру дәрежесіне жетеді; ұсынылып отырған гуманитарландыру технологиясының міндеті — қолданыстағы математикалық білім жүйесіне өзгерістерді енгізу емес, қайта оны гуманитарлық нысандармен байыту болып табылатындықтан, когнитивті саланың мақсаттары математиканың теориялық негіздеріне көңіл бөлмейді, аталмыш салалардағы оқыту мақсаттары келесі төменде ұсынылған (сур. қара).

Гуманитарландыру жағдайындағы математикалық білім беру математиканы дүниежүзілік мәдениеттің барлық жетістіктері мәнмәтінінде зерттеуді ұйғарады, бұл жоғары оқу орындарының болашақ түлектерінде мәдениеттің қалыптастыруға, жан дүниесі жоғары тұлға тәрбиелеуге жағымды әсерін тигізуі тиіс [6, 7].

Демек, математикалық білім беруді гуманитарландыру үшін білім беру жүйесінің сәйкес келетін модификациясы қажет. Белгілі болғандай, білім беру жүйесін реформалау бірнеше бағыттарда жүргізіліп жатыр. Гуманитарландыру жағдайындағы математикалық білім сол бағыттардың бірі болып табылады.

Гуманитарландыру жағдайындағы математикалық білімнің мазмұнды тұжырымдамасы өткен жүзжылдықтың тоқсаныншы жылдарында зерттеліп даярлана басталған.

Математикалық білім беруді ізгілендіру оның тарихы, философиясы мен әдістемесіне жүгінуді ұйғарады. Математиканы зерттеудегі тарихи-философиялық тәсілдеме, танымдық процесте «негізгі ойдың пайда болуын» көрсете отырып, «таза» ғылым саласынан оның «гуманитарлық» ізденістері саласына өтуге мүмкіндік береді.



Сурет. Математикалық білім алуды гуманитарландыру технологиясының негізіне салынған ғылыми мақсаттар

Жаратылыстану мен гуманитарлық білімдердің өзара араласып бірігуі, математика ілімінің оқытушысын жеке дара тұлғалық қасиеттерді дамытумен бірлескен мамандандырылған және жалпымәдени даярлау білім беру процесінің басымдықтары болып табылады.

Болашақ студенттерді даярлау кезінде мамандандырылған педагогикалық бағытты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Болашақ оқытушы, мамандығы бойынша білім ала отырып, мәдени-ғылыми кеңістікке енеді де өз мамандығындағы математикалық ілімнің тасымалдаушысы бола отырып, сонымен қатар құндылықтармен алмасу негізіндегі мәдениеттің «таратушысына» да айналады.

Білім беруді гуманитарландыру нәтижесі: адамға қоршаған әлемде өз орнын табуға көмектеседі: құндылықтарды, әлеуметтік позицияны, кәсіпті саналы түрде табысты таңдау; меңгерілген білімдерді практикада шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік береді; тұлғаның түрлі қасиеттерін, интеллектуалдық және эмоционалды, көркем-шығармашылық қабілеттерін дамытады; өмірлік позицияны позитивті қалыптастырады, жоғары адамгершілікті сапаларды дамытуға ықпал етеді.

Бейнелеп айтқанда, математикалық білім беруді гуманитарландыру технологиясының негізіне қаланған мақсаттарды студенттерді дамытудың келесі салаларына біріктіруге болады: эмоционалды-құндылықтық, когнитивтік және де психомоторлық салалар.

Математиканы оқытудағы психологиялық жайлылыққа жету жолдары өте көп, алайда, математиканы оқытуға гуманитарландыру технологияларын ендіру бүгінгі таңда көкейтесті шешім болып табылады. Өйткені гуманитарландыру жаратылыстану-математикалық білім мен гуманитарлы білім байланыстарының нығаюын, оны оқытудағы қолданбалы, сонымен қатар практикалық қырларының нығаюын ұйғарады.

Осылайша, жоғары білім ордасының түлегіне математика пәнін оқыту кезінде оның жалпы дамуына екіпін қою керек, атап айтқанда, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, математикалық тіл, кеңістіктік қиял, интуиция, көркемділік сезімі.

Заманауи қоғамның талаптарына сәйкес келетін, мамандарды даярлау сапасын арттыруға, жоғары білім беру жүйесінде масштабты және кешенді сипатты иеленіп келе жатқан, оқыту процесіне жаңа технологияларды ендіру орасан зор жағымды ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хомутцов С.В. Духовность и духовные традиции. — Барнаул, 2004. — С. 110.
- 2 Елканова Т.М. Гуманитаризация профессионального образования в компетентностно-ориентированной системе / Т.М. Елканова, Н.М. Чеджемова // Высшее образование сегодня. — 2010. — № 10. — С. 66–68.
- 3 Бордовская Н.В. Гуманитарные технологии в вузовской образовательной практике: теория и методология проектирования: Учеб. пособие. — СПб.: ООО «Книжный Дом», 2007. — 408 с.
- 4 Егоршин А.П. Развитие образования в области менеджмента // Вестн. государственного университета Менеджмент. — 2006. — № 1 (6). — С. 46–47.
- 5 Исаева М. Инновационная политика государства в системе высшего образования РК // Высшая школа Казахстана. — 2010. — № 1. — С. 43–47.
- 6 Мейдер В.А. Концепция гуманизации и гуманитаризации образования: сущность, направления, проблемы. Волгоград: Изд-во Волгоград. гос. ун-та, 1998. — С. 60.
- 7 Разумовский В.Г., Тарасов Л.В. Гуманитаризация естественного образования // Вопросы философии. — 1989. — № 4.

К.М.Беркимбаев, Г.Сапарбекова, Г.Ж.Ниязова

Цели гуманитаризации высшего математического образования

Реформирование всего содержания высшего образования в контексте гуманизации и гуманитаризации является стратегическим ориентиром развития высшего образования в Казахстане. Актуальность усиления гуманитарной подготовки специалиста любого профиля обусловлена историческим контекстом концепции образования современного мира. Гуманитаризация рассматривается в качестве важнейшего условия повышения эффективности образования и воспитания. Выделены цели, положенные в основу технологии гуманитаризации математического образования.

K.M.Berkimbaev, G.Saparbekova, G.Zh.Niyazova

Purposes of humanitarization of mathematical education

Reforming of all content of the highest education in a context of humanization and humanitarization is a strategic reference point of development of the highest education in Kazakhstan. Relevance of strengthening of humanitarian training of the expert of any profile is caused by a historical context of the concept of formation of the modern world. Humanitarization is considered in quality of the major condition of increase of efficiency of training and education. The article gives the short historical report of introduction into the science of the «humanistic» term. It provides opinion of scholars on «humanistic», «humanitarization of education». It drives the humanistic potential directions of Mathematics. The authors discuss requirements of education contents and aims of the basis of humanitarization technologies of Mathematics education.

References

- 1 Homuttsov C.V. *Spirituality and spiritual traditions*, Barnaul, 2004, p. 110.
- 2 Elkanova T.M. *Highest education today*, 2010, 10, p. 66–68.
- 3 Bordovskaya N.V. *Humanitarian technologies in high school educational practice: theory and methodology of design: training manual*, Saint Petersburg: ООО «Book House», 2007, 408 p.
- 4 Egorshin A.P. *Bull. of State University of Management*, 2006, 1 (6), p. 46, 47.
- 5 Isaeva M. *The Highest school of Kazakhstan*, 2010, 1, p. 43–47.
- 6 Meyder V.A. *Concept of humanization and humanitarization of education: essence, directions, problems: Preprint*, Volgograd: Publ. house Volgograd State University, 1998, p. 60.
- 7 Razumovsky V.G., Tarasov L.V. *Questions of philosophy*, 1989, 4.